

**"Есірткіге тәуелді адамдарды әлеуметтік-психологиялық оңалту орталығы"
акционерлік қоғамын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 желтоқсандағы N 1279 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 сәуірдегі N 411 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2004-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру мақсатында, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарғылық капиталына мемлекет 100 пайыз қатысатын "Есірткіге тәуелді адамдарды әлеуметтік-психологиялық оңалту орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) құрылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі мәні есірткіге тәуелді адамдарды әлеуметтік оңалтуды жүзеге асыру, есірткіні теріс пайдаланудың алдын алу болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау жөніндегі комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның құрылтайшы төлейтін 45950000 (қырық бес миллион тоғыз жүз елу мың) теңге, оның ішінде 35640750 (отыз бес миллион алты жүз қырық мың жеті жүз елу) теңге мөлшеріндегі жарғылық капиталын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 сәуірдегі N 411 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2004-2005 жылдарға арналған бағдарламасында көзделген республикалық бюджет есебінен қалыптастыруды;

2) Қоғамды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді және Қоғамның жарғысын бекітуді қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау жөніндегі комитетіне Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және оны пайдалану құқықтарын берсін.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және

ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Ақмола облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 13-8-жолмен толықтырылсын:

"13-8 "Есірткіге тәуелді адамдарды әлеуметтік-психологиялық оңалту орталығы" АҚ";

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында:

көрсетілген қаулының қосымшасында:

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 266-4-жолмен толықтырылсын:

"266-4 "Есірткіге тәуелді адамдарды әлеуметтік-психологиялық оңалту орталығы" АҚ".

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі